



ЗАҢГЕР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ЖАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ПРАВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

№ 8 (193) 2017

БАСТЫ ТАҚЫРЫП

ҚР Қылмыстық кодексінен жалған кәсіпкерлік бабының алынып тасталуы – экономика саладағы қылмыстық құқық-бұзушылықтарды гуманизациялауға бағытталған нақты қадам



**БАЗАРҒАЛИ
КАДЫРҒАЛИЕВ**

**ҚОЛЖЕТІМДІЛІК –
ЖҰМЫСЫМЫЗДЫҢ
БАСТЫ ӨЛШЕМІ**

..... **11**

КАЙРАТ ЧАКПАНТАЕВ

На пути
правовых реформ

..... **56**



ГҮЛЖАН АЖИГАЛИЕВА

Алқабилер сотының
он жылдық тәжірибесі:
жетістіктер мен
қиындықтар

..... **59**



ТАЛГАТ ТОКБУЛАТОВ

Новые изменения в уго-
ловном законодательстве
как свидетельство отхода
от карательной правовой
практики

..... **68**





ВЕРХОВНЫЙ СУД ПОДВЕЛ ИТОГИ ОТПРАВЛЕНИЯ ПРАВОСУДИЯ ЗА ПЕРВОЕ ПОЛУГОДИЕ 2017 ГОДА

Председатель Верховного Суда Кайрат Мами провел расширенное совещание судей республики по итогам отправления правосудия за первое полугодие 2017 года.

В мероприятии приняли участие Председатель Высшего Судебного Совета Анатолий Смолин, Заведующий Государственно-правовым отделом Администрации Президента Алия Ракишева, председатели судебных коллегий и судьи Верховного Суда, председатели областных и приравненных к ним судов, а также руководство Департамента, его структурных и территориальных подразделений.

Работа совещания транслировалась в Интернете в режиме он-лайн.

Открывая совещание, К.Мами проинформировал об основных итогах работы по обеспечению верховенства закона, отметив прогрессивность проведенных в рамках Плана Нации реформ, позитивно отразившихся на эффективности отправления правосудия. Так, за отчетный период вдвое сокращен срок прохождения гражданских дел в судах. 62,5% дел рассматриваются посредством упрощенного производства. Значительно возросло приказное производство, применение



альтернативных способов разрешения спора и медиации. На 43% выросло число уголовных дел, рассмотренных в согласительном производстве, в 3,5 раза – в сокращенном порядке.

По новым правилам отобран 191 судья. Проведена оценка профессиональной деятельности 140 судей. В целом судейский корпус страны подтвердил свою профессиональную компетентность.

На расширенном совещании выступили председатели судебных коллегий Верховного Суда РК: по гражданским делам – Е.Абдыкадыров, по уголовным делам – А.Рахметулин, председатель специализированной судебной коллегии – А.Кыдырбаева, руководитель Департамента Н.Шарипов, председатель ВСС А.Смолин, председатель Судебного Жюри М.Шегенов, ректор Академии правосудия Т.Каудыров, а также председатели ряда областных судов.

Подводя итоги работы совещания, К.Мами остановился на некоторых вопросах деятельности судебной системы, перспективных направлениях поэтапной модернизации уголовного процесса и комплексного совершенствования института представительства в суде, обозначил ряд дальнейших приоритетных задач.



ЗАҢГЕР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ЖАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ПРАВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Әлімбаев Мұсабек Тұрғынбекұлы
Қазақстан Республикасы Судьялар
одағының төрағасы
Председатель Союза судей Республики Казахстан

Асанов Жақып Қажыманұлы
Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры
Генеральный Прокурор Республики Казахстан

Бекетаев Марат Бақытжанұлы
Қазақстан Республикасының Әділет министрі
Министр юстиции Республики Казахстан

Қасымов Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
Министр внутренних дел Республики Казахстан

Мәми Қайрат Әбдразақұлы
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы
Председатель Верховного Суда
Республики Казахстан

Рогов Игорь Иванович
Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы
Председатель Конституционного Совета
Республики Казахстан

Сәрінжіпов Аслан Бәкенұлы
«Назарбаев қорының» президенті
Президент «Назарбаев фонда»

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің ректоры
Ректор Евразийского национального университета
им. Л.Н. Гумилева

Ударцев Сергей Федорович
«Құқықтық саясат және конституциялық заңнама»
ҒЗИ директоры, з.ғ.д., профессор
Директор НИИ «Правовой политики и конституцион-
ного законодательства», д.ю.н., профессор

- ВЕРХОВНЫЙ СУД РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
- КОНСТИТУЦИОННЫЙ СОВЕТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
- ГЕНЕРАЛЬНАЯ ПРОКУРАТУРА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
- МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
- МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
- МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
- СОЮЗ СУДЕБНЫХ ИСПОЛНИТЕЛЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
- КАЗАХСКИЙ ГУМАНИТАРНО-ЮРИДИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
- ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Борчашвили Исидор Шамилович
з.ғ.д., проф./ д.ю.н., проф., «Қылмыстық құқық»
бөлімінің жауапты редакторы
Ответственный редактор раздела «Уголовное право»

Қаудыров Төлеш Ерденұлы
з.ғ.д., проф./ д.ю.н., проф., «Зияткерлік меншік»
бөлімінің жауапты редакторы
Ответственный редактор раздела
«Интеллектуальная собственность»

Қоғамов Марат Шекішұлы
з.ғ.д., проф./ д.ю.н., проф., «Қылмыстық процесс»
бөлімінің жауапты редакторы
Ответственный редактор раздела «Уголовный процесс»

Мороз Светлана Павловна
з.ғ.д., проф./ д.ю.н., проф., «Жеке құқық»
бөлімінің жауапты редакторы
Ответственный редактор раздела «Частное право»

Подопригора Роман Анатольевич
з.ғ.д., проф./ д.ю.н., проф., «Әкімшілік құқық»,
«Салық құқығы» бөлімдерінің жауапты редакторы
Ответственный редактор разделов «Административное
право», «Налоговое право»

Порохов Евгений Викторович
з.ғ.к./ к.ю.н. «Қаржы құқығы», «Салық құқығы»
бөлімдерінің жауапты редакторы
Ответственный редактор разделов «Финансовое
право», «Налоговое право»

Сүлейменов Майдан Күнтуарұлы
з.ғ.д., проф./ д.ю.н., проф., «Жеке құқық» бөлімінің бас
редакторы
Главный редактор раздела «Частное право»

Тлепина Шолпан Валерьевна
з.ғ.д., проф./д.ю.н., проф., «Құқық тарихы»
бөлімінің жауапты редакторы
Ответственный редактор раздела «История права»

Мнения и взгляды, содержащиеся в данном журнале,
могут не совпадать с официальной позицией редакционной коллегии журнала
и отражают авторскую точку зрения.

Материалы присылать по адресу: zanger-press@mail.ru

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген. Тіркеуге қою туралы №2158-Ж, күәлік 2001 жылы 25 шілдеде берілді.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Қазақстан Республикасы Судьялар одағы» РҚБ

ШЫҒУЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Бас редактор: А.К. Беркімбаева
Дизайн және беттеуші: Г.А. Джаббарова

Редакцияның мекен-жайы:

050050, Алматы қ., Шалыпин к-сі, 13/19.

Тел.: +7 (727) 228 13 42.

Материалдарды zanger-press@mail.ru электронды почтасына жолдау керек

«VEDA PRESS»

баспаханасында басылды

Алматы қаласы,

Айманов к-сі, 140, 30а.

тел.: +7 (727) 266 55 87, 266 27 65.

Теруге берілген күні

01.08.2017 ж.

А-4 форматы қағазы жылтыр,

офсеттік баспа,

Таралымы: 4079 дана

№ 333 тапсырыс

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан. Свидетельство о постановке на учет № 2158-Ж от 25 июля 2001 г.

УЧРЕДИТЕЛЬ

ООО «Союз судей

Республики Казахстан»

ВЫХОДНЫЕ ДАННЫЕ

Главный редактор: А.К. Беркімбаева

Дизайн и верстка: Г.А. Джаббарова

Адрес редакции: 050050

Республика Казахстан.

г. Алматы, ул. Шалыпина д.13/19

Тел.: +7 (727) 228 13 42.

Материалы присылать

по адресу: zanger-press@mail.ru

Отпечатано в типографии

ТОО «VEDA PRESS».

Адрес: г. Алматы, ул. Айманова, 140,

30а. ЖК «Арай», блок Б-7.

тел.: +7 (727) 266 55 87, 266 27 65.

Сдано в печать: 01.08.2017 г.

Формат А-4. Бумага мелованная,

печать офсетная, 5,5 п.л.

Тираж: 4079 экз.

Заказ № 333

Мазмұны

I. СОТ БИЛІГІ I. СУДЕБНАЯ ВЛАСТЬ

Әдил Құрықбаев	
Білімді адам ғана судья болуға ылайық	4
Жақсылық Аланов	
Адвокаттармен меморандум аясында жұмыс жасау – сот төрелігіне оң ықпал етеді	8
Базарғали Кадырғалиев	
Қолжетімділік – жұмысымыздың басты өлшемі	11
Ераман Утешев	
Вопросы судоустройства и судопроизводства в рамках реформы судебной системы	14
Гүлмира Ізбасарова	
Соттардың мамандануы – сот жүйесін дамытуға зор септігін тигізді	18
Энтони Дж. Тренга	
Оценка результативности судебной деятельности. Американский опыт, закон и практика.....	20

II. ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ II. ТЕОРИЯ ПРАВА

Из истории юридической науки	
Видные ученые-юристы Казахстана	27
Марат Азбанбаев	
Әліпби: құқық, ғылым, тарих	32

III. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ III. ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС

Дуйсен Тумабеков	
Обеспечение справедливости как принципа правосудия при рассмотрении споров, вытекающих из договорных отношений	36
Ардак Акетаев	
Обращение взыскания на имущество, как действенный инструмент судебного исполнителя при исполнении судебного акта.....	39
Бахыт Карина	
Сфера действия исковой давности	42
Ермек Махметов	
Вопросы дальнейшего реформирования законодательства об административных правонарушениях	45
Камшат Садуақасова	
Отбасы – бала тәрбиесінің қайнар көзі	47
Асия Доцанова	
Взаимная ответственность субъектов предпринимательства и государства.....	50

Мазмұны

Марина Иванова	
Защита прав ребенка на общение с бабушкой и дедушкой.....	52

IV. ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ IV. УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС

Кайрат Чакпантаев	
На пути правовых реформ.....	56

Гүлжан Ажигалиева	
Алқабилер сотының он жылдық тәжірибесі: жетістіктер мен қиындықтар.....	59

Баязид Дарибаев	
Система воинских наказаний должна учитывать статус военнослужащих.....	63

Гаухар Рустемова	
О некоторых проблемах правоприменительной практики законодательства о негласных следственных действиях.....	65

V. БАСТЫ ТАҚЫРЫП. ҚР Қылмыстық кодексінен жалған кәсіпкерлік бабының алынып тасталуы – экономика саладағы қылмыстық құқықбұзушылықтарды гуманизациялауға бағытталған нақты қадам

V. ТЕМА НОМЕРА. Исключение статьи о лжепредпринимательстве из УК РК – реальный шаг к гуманизации уголовных правонарушений в экономической сфере

Талгат Токбулатов	
Новые изменения в уголовном законодательстве как свидетельство отхода от карательной правовой практики	68

Дауренбек Даумов	
Лжепредпринимательство как разновидность незаконной предпринимательской деятельности.....	71

Мария Шарипова	
Декриминализация статьи Уголовного кодекса о «лжепредпринимательстве»	75

Арман Хайдаров	
Исключение статьи о лжепредпринимательстве из УК – реальный шаг к гуманизации уголовных правонарушений в экономической сфере	76

Геннадий Жмук	
Обжалование уведомлений, выставленных контрагентам «лжепредприятий»	78

Нургуль Темрешева	
Поправки дают надежды, что система налогового администрирования станет более прозрачной.....	81

Азиз Абдукаримов, Рината Жулаева	
Важный шаг на пути защиты прав добросовестных предпринимателей.....	83

Назым Арғынбай	
Лжепредпринимательство: изучение опыта по возврату НДС	85



I ТАРАУ
ГЛАВА

СОТ БИЛІГІ СУДЕБНАЯ ВЛАСТЬ



Білімді адам ғана судья болуға лайық

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сот жүйесін қай кезде болмасын өз назарында ұстап, оның дамуына жағдай жасауы сот билігінің мәртебесін көтеріп, дамуына зор септігін тигізіп отыр.

Қазақстандағы сот жүйесінің дамуы, оның әлемдік стандарттарға сай болуы, тәуелсіз әрі әділ болуы еліміздің саяси демократиялық дамуына ғана емес, экономикасына да тың серпін беруде.



Әділ ҚҰРЫҚБАЕВ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы, Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі, Біліктілік комиссиясының төрағасы

Аталы сөздерде айтылғандай, «Мәртебесі жоғары соты мен әділ билері бар елде өрт болмайды, мүдделер қайшылығы туындамайды». Биліктің бір саласы ретінде сот жүйесі Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың бастамасымен қабылданған бес институциялық реформаны жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында талай ауқымды шаралар қабылдап, оны табысты жүзеге асыруға батыл атсалысуда.

Білікті, моральдық жағынан мығым, адамгершілік қасиеттері жоғары, бойында имандылығы бар, әділ судья ғана сот билігінің мәртебесін асқақтатып, сотқа деген қоғамның сенімін нығайта алады. Сондықтан, сот кадрларын іріктеу бүгінгі қоғамда өзінің маңыздылығымен ел назарын өзіне аударып отыр.

Еске сала кетерлігі, біліктілік емтиханын тапсыру рәсімі үш кезеңді қамтиды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін және оны практикада қолдану қабілетін компьютерлік тестілеу;

2) үміткердің білімін және оны практикада қолдану қабілетін сот практикасынан нақты жағдайларды бейнелейтін емтихан билеттері бойынша тексеру;

3) психологиялық тестілеу.

Емтихан билеттеріндегі сұрақтардың санын комиссия белгілейді. Үміткерлерге қойылатын талаптар өте жоғары.

Соңғы конституциялық заңға енгізілген өзгерістерге сай, үміткердің жасы отыздан төмен болмауы керек. Жоғары білім алғаннан кейін заңгер ретінде он жыл, сот хат-

Жоғары Сот Кеңесінің жанынан құрылған біліктілік комиссиясы судьялық лауазымға үміткерлердің (бұдан әрі үміткер) білім деңгейін және оны тәжірибеде қолдану қарым-қабілетін анықтау мақсатында олардан біліктілік емтиханын қабылдауды жүзеге асыру бойынша біраз жұмыстар атқарды. Біліктілік емтиханын тапсырған адамдар туралы ақпарат, сондай-ақ біліктілік емтиханының үлгілік сұрақтары Жоғары Сот Кеңесінің интернет-ресурсында орналастырылған. Осы арқылы үміткерлер біліктілік емтихандарын тапсырудың барлық талаптары туралы толық мағлұмат алуына болады.

шысы немесе сот көмекшісі, прокурор, адвокат болып кемінде 5 жыл жұмыс істеуі қажет. Осыдан кейін ғана ондай азаматтар үміткер ретінде біліктілік емтиханын тапсыруға жіберіледі.

Үміткерлерге қойылған талаптардың күшейтілуі біліктілік емтиханын тапсыратындардың санының азаюына әсер етіп отыр. Үміткерлерге қойылатын талаптарға сай келмейтін адамдар тізімнен шығарылады немесе құжаттары кейін қайтарылады.

Біліктілікке байланысты тест пен ауызша емтихан тапсырудың жалпы талаптарына тоқталсам, алдымен компьютерлік тест бойынша үміткерлердің заңның алты саласы бойынша білімі тексеріледі. Атап айтқанда, конституциялық, Азаматтық және Азаматтық процестік, Қылмыстық және Қылмыстық процестік, Әкімшілік заңдарды қаншалықты білетіндігі анықталады. Осы заңдардың шеңберінде комиссия мыңнан аса сұрақтар дайындап, сәйкесінше заңдарға енгізілген соңғы өзгертулер мен толықтыруларға байланысты сұрақтарды жаңарып отырады.

Компьютерлік тесттен өту үшін үміткерлер тесттегі 100 сұрақтың 80 сұрағына дұрыс жауап беруі қажет. Яғни, 80 сұраққа дұрыс жауап берген үміткер «жақсы» деген баға алып, ауызша емтихан тапсыруға жіберіледі. Ауызша емтиханның билетінде үш сұрақ болады. Бұл сұрақтар үміткердің теориялық білімін тексеруге бағытталмаған. Сұрақтар сот тәжірибесінен алынған қылмыстық, азаматтық және әкімшілік заңдарды үміткердің іс жүзінде қолдана білуін анықтауға арналған модельдік жағдайлар болып табылады.

Мәселен, билеттерде келесі мазмұндағы сұрақтар кездеседі. «Жапаров Князевпен бірге оның пәтерінде арақ ішіп отырған. Сол кезде Жапаров Князевпен сөзге келіп, оны ұрып, пышақтап өлтірген. Сосын, ол туған ағасы Насрединовке келіп, Князевті өлтіргенін айтып, оған басқа киім беруін, ал қанға боялған киімін өртеп жіберуді өтінген». Осы жерде үміткер Насрединовтің әрекеті қалай сараланатынын түсіндіруі тиіс.

Яғни, үміткер бұл қылмыстық оқиғаға байланысты өзінің теориялық білімін қолдану қабілетін көрсетуі керек. Ол үшін емтихан тапсырушы Насрединов қылмыстық жауапқа тартыла ма, егер ол қылмыстық жауапқа тартылса, оның қылмыстық құқықбұзушылық әрекетін Қылмыстық кодекстің қайсы бабымен саралауға жататынын талдап айтып беруі тиіс. Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін үміткер қылмысты жасырып қалу дегеніміз не, оның субъектісі қандай адам болатынын, осы қылмыс бойынша қылмыстық жауапкершілік қанша жастан басталатынын және қандай қылмысты жасырғаны үшін жауапкершілікке тартылатынын, заң бойынша жақын туысқа кімдер жататынын және қандай туыстар қылмысты жасырғаны үшін жауапкершілікке тартылмайтынын білуі қажет. Азаматтық және әкімшілік заңдарға қатысты қойылатын талаптар да дәл осындай.

Жоғары Сот Кеңесі және біліктілік комиссиясы үміткердің конституциялық заң талаптарына сай болуын ғана емес, жан-жақты мінсіз болуына да жіті көңіл бөледі. Жоғары Сот Кеңесі үміткердің бұрын қылмыстық не болмаса әкімшілік жауапкершілікке тартылған, тартылмағанын арнайы тексеру арқылы анықтайды. Бұл тексеру Жоғары Сот Кеңесі Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Бас прокуратураның көмегімен іске асады. Осындай тексеруді Жоғары Сот Кеңесі үміткердің жақын туыстарына байланысты да өткізеді. Осылайша, жан-жақты тиісті тексерулерден өткеннен кейін ғана үміткерлер біліктілік емтихандарын тапсыруға жіберіледі. Соңғы бір жарым жыл мерзімде өткізілген тексерулердің нәтижесінде үміткерлер арасында бірнеше рет әкімшілік жауапкершілікке тартылғандардың бар екені анықталды. Сөйтіп, әкімшілік жауапкершілікке тартылғандың бірқатары емтихан тапсыруға жіберілмеді.

Сонымен қатар, қызметтік міндеттерін атқару кезінде атына кір келтіретін теріс қылықтар жасаған және заң бұзғаны үшін судья лауазымынан, құқыққорғау органдарынан немесе өзге де мемлекеттік қызметтен босатылған адамдар біліктілік емтихандарын тапсыруға жіберілмейді.



Біліктілік комиссиясы бүгінгі күнге дейін Жоғары Сот Кеңесінің регламентіне сай 6 рет үміткерлерден біліктілік емтихандарын қабылдады. Осы емтихандарға барлығы 899 үміткер шақырылса, 44 үміткер емтихан тапсыруға келді. Қалғандары себепті, себепсіз жағдайларға байланысты емтихан тапсыруға келмей қалды. Жоғары Сот Кеңесінің регламентіне сай екі рет дәлелді себептерсіз емтиханға келмегендердің құжаттары өздеріне қайтарылады және оларға емтиханды қайта тапсыруға рұқсат кемінде бір жылдан кейін ғана беріледі.

Дәлелді себептерге мыналар жатады:

1) біліктілік емтиханын тапсыруға рұқсат берілген адамның науқастануы, баласының науқастануы (емдеу мекемелерінің құжаттарымен, анықтамаларымен расталған кенеттен науқастануы. Балаларының ұзақ және созылмалы сипаттағы аурулары дәлелді себептерге жатпайды);

2) қайтыс болуы туралы куәлікпен расталған жақын туысының қайтыс болуы, оларға Қазақстан Республикасы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 1-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көрсетілген адамдар жатады (жерлеу және өзге рәсімдерді өткізу үшін бір күннен жеті күнге дейінгі кезеңге);

3) біліктілік емтиханын тапсыруға келуге кедергі келтірген форс-мажор жағдайлары (ҚР ІІМ органдарының немесе метеорологиялық қызметтердің анықтамаларымен расталған ауа-райы жағдайлары, әуежайлар, теміржол және автовокзалдар қызметтерінің анықтамалары);

4) аттестаттау, іссапар (бұйрықтар көшірмелері);

5) сот отырысына тарап, куә, үшінші тұлға ретінде қатысу (сот отырысына шақыру қағаздарының көшірмелері). Сот отырысына қорғаушы немесе сотта мемлекеттің мүддесін қорғайтын өкіл ретінде қатысуы дәлелді себептерге жатпайды.

Емтихан тапсыруға қатысқан үміткерлердің 23 пайызы ғана емтихандардың барлық сатысынан сүрінбей өтті. Демек үміткерлердің көбі емтихан тапсыруға жеткілікті дайындықпен келмейді не мүлде дайындықсыз келеді. Бұл жағдай судьяның бос орындарына жарияланған конкурсқа қатысатындардың санының қысқаруына әкеліп отыр.

Осы жерде айта кететін бір мәселе, конституциялық заң сотта жұмыс істейтін сот отырысы хатшыларына, судьялардың кеңесшілеріне қысқартылған жұмыс өтілін ұсынып, оларға соттың, судьяның жұмысын тікелей біледі деп саналады. Сондықтан, олар судьялық қызметке дайындығы мол деп сенім артып отыр. Дейтұрғанмен, олардың да біліктіліктері әрдайым көңілден шыға бермейді.

Осыған орай, Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы облыстық соттағы оқу орталықтарында, базалық соттарда сотта жұмыс істеп жүрген мамандарды біліктілік емтихандарына дайындау курстарын ашып, оларды емтихан тапсыруға дайындау шараларын қолға алуды ұсынып отыр.

Ойымды қорыта келе, судьялық лауазымға үміткерлер мыналарды мықтап есінде сақтағаны дұрыс дередім. Біріншіден, біліктілігі жоғары болуы, екіншіден, ол судьяға қойылатын талаптардың бәрін біліп қана қоймай, оны күнделікті өмірде бұлжытпай орындауы тиіс. Үшіншіден, судья әдебіне байланысты қойылатын талаптар мен шектеулердің өзіне де тиісті деп қабылдағаны жөн. Төртіншіден, ар тазалығы мен имандылық секілді игі қасиеттер оның болмасының түпкі қазығы болғаны абзал.

Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспары – баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Маңғыстау облыстық соты бірқатар нақты шараларды жүзеге асыруда. Соның бірі республикада алғашқы болып биыл 13 маусымда Маңғыстау облыстық соты облыстық Адвокаттар алқасымен өзара ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойды. Меморандум мәтіні өзгелерге үлгі ретінде облыстық соттың веб-сайтына орналастырылды.



АДВОКАТТАРМЕН МЕМОРАНДУМ АЯСЫНДА ЖҰМЫС ЖАСАУ – СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ОҢ ҮЙКПАЛ ЕТЕДІ



Жақсылық АЛАНОВ
Маңғыстау облыстық
сотының төрағасы

Адвокаттармен меморандумға отыру – сот ісіне тікелей қатысушы болып табылатын адвокаттарға қатысты соңғы уақыттағы қордаланып қалған бірқатар мәселелерді шешуге септігін тигізеді.

Меморандум латын тілінде «нені естен шығармау керек», – деген мағынаны білдіреді. Яғни, оған қол қойған тараптар өзіне тиісті міндеттерді орындауға ерікті түрде келісіп, белгілі бір жауапкершілікті өз мойнына алады.

Меморандумның басты мақсаты – азаматтық, қылмыстық және әкімшілік сот өндірісінің қағидаларын сақтау, адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау, дауларды (жанжалдарды) сот алды және соттан тыс реттеу институттарын жан-жақты дамыту және белсенді енгізу бойынша өзара қимылдарды нығайту, сот ісін жүргізудің жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сот пен адвокаттар арасындағы әдеп нормаларын сақтау.

Меморандум екі тарапқа да үлкен жауапкершілік жүктейді. Себебі, бәріміздің көздегеніміз бір. Яғни, халыққа қызмет көрсету, құқықтық кеңес беру, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау. Ал, мақсат ортақ болған жерде ауызбіршілік пен ынтымақ болуы шарт.

Бірінші мәселе – судьялар мен адвокаттардың әдебі мен мәдениетіне байланысты. Бүгінгі таңда, судьялардың әрекеттеріне «жағымсыз құқықтық бағалау» беретін және өздері қатыспаған істер, заңды күшіне енген соттың шешімдері туралы әлеуметтік желілерде немесе блогтарда сан түрлі пікір қалдыратын адвокаттардың «лайықсыз» әрекеттерін кездестіріп жүрміз. Сондай-ақ, ара-тұра бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінен адвокаттар тарапынан Елбасының атына «сот қызметі туралы» жазылған жағымсыз хаттарды да көзіміз шалады. Өкінішке қарай, мұндай пікірлер мен әрекеттер сот билігіне теріс қоғамдық көзқарас қалыптастырады.

Конституцияның 77-бабында «сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады», – деп көрсетілген. Соттың мақсаты – ақ пен қараны ажыратып, заң тұрғысынан әділ шешім шығару. Ал, адвокатура азаматтық қоғамның элементі бола тұра, сот төрелігін жүзеге асыруға ықпал етеді. Олар адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудің аса маңызды тетігі болып табылады. Сондықтан, адвокаттың басты мақсаты – сот актілерін сынау емес, жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтары мен міндетін абыройлы қорғау болуы тиіс.



де шараларды өткізіп, сот, құқық саласындағы өзекті мәселелерді анықтауға тырысамыз.

Еліміздің құқықтық жұмысын әлемдік стандарттармен теңестіру мақсатында заң саласында қабылданған әрбір реформа зор маңызға ие. Оның барлығы да Елбасымыздың идеясынан туындап, нақты тапсырмалары аясында жасалып жатқандықтан, қабылданған әрбір заң мен заңнама нормаларының орындалуы аса маңызды.

Соның ішінде өткен жылы қолданысқа енген жаңа Азаматтық процесстік кодекстің орны ерекше. Аталған кодекс «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында көзделген шараларды тәжірибеде іске асыруға мүмкіндік беретін бірегей құжат болып саналады. Заманға сай заңдарды жаңашаландыру заңды құбылыс. Дегенмен, Азаматтық процесстік кодекске қазақстандық құқықтық тәжірибені әлемдік озық стандарттарға жеткізетін айтарлықтай өзгерістер енгізілген. Атап айтсақ, жаңа кодекстегі жаңа ұғымдардың бірі партисипативтік әдіс.

Азаматтық іс жүргізудегі партисипативтік рәсімді қолдануда адвокаттардың енжарлық танытуы – екінші мәселе.

Шын мәнінде, келісімге келе алмаған қос тараптың бір арнада басын қосып, ауызбіршілікке келтіруде қазылармен салыстырғанда адвокаттардың мүмкіндігі мол. Сондықтан, партисипативтік келісімді енгізу процесітегі кәсіби адвокаттың рөлін арттырары сөзсіз. Осы орайда, мұндай татуласуда талап қоюшы мемлекеттік баж

салығынан босатылатындығын да адвокаттар түсіндіріп өтуі керек.

Дауларды реттеудің баламалы тәсілдерінің енгізілуі арқасында елімізде жыл сайын дауды өркениетті жолмен шешуге ынталылардың қатары өсіп, сот саласына оң ықпалын тигізуде. Сот – екі тарапты дауластырып қойып, қарап отырмайды. Керісінше, олардың татуласып, сот залынан қол алысып шығуына барынша мүмкіндік жасайды. Ендеше, «алтау ала болса, ауыздағы кететінін, төртеу түгел болса, төбедегі келетінін» қос тарапқа түсіндіретін де, тараптарды келісімге келтіруде белсенділік танытатын да – адвокаттар.

Біз осы мәселеге аса мұқият әрі барынша назар аударып отырмыз. Себебі, қанша түсіндіру, насихаттау жұмыстары жүргізілгенімен, 2016 жылы Маңғыстау облысы бойынша бірде бір іс партисипативтік рәсіммен аяқталмады.

Осыдан соң облыстағы адвокаттардың басын қосып, келелі әңгіме жүргізіп, басты мақсат жеке бастың пайдасы емес, халықтың қамы үшін жұмыс жасау және адвокаттарға екі жақты келісімге шақыруда белсенділік таныту керектігі айтылды. Биыл жыл басынан бері алты ай ішінде 29 азаматтық іс партисипативтік келісіммен аяқталды. Бұл жоғары көрсеткіш болмағанымен, осы бағытта «сең қозғалғанын» білдіреді. Сондай-ақ, дауларды (жанжалдарды) сотқа дейін және соттан тыс реттеу институттарын дамыту және белсенді енгізу мәселелері де назарымыздан тыс қалмайды.

Осы орайда, облыстағы медиация арқылы қаралған істер туралы мәліметке тоқтала кеткенді жөн көрдім. Яғни, 2017 жылы I жартыжылдықта медиация бойынша барлығы 666 іс аяқталды. Оның ішінде 116-сы қылмыстық, 439-ы азаматтық және 111-і әкімшілік істер. Сонымен қатар, «Дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен сотқа дейін және соттан тыс міндетті түрде реттеу» пилоттық жобасы арқылы 165 іс аяқталды.



Аймақтағы судьялар азаматтарға ҚР «Медиация туралы» Заңының тиімділігін, медиатордың тараптарды бітімгершілікке келтіру барысында кінәлі немесе кінәсіз тұлғаны іздемейтіні, бітімгерді таңдай алатыны секілді оңтайлы жақтарын түсіндіруде. Заңның тиімділігі түсіндірілгендіктен, сот отырысында тараптар судья медиатормен немесе кәсіби медиатордың қатысуымен істерді қарауға ниет білдіруде.

Елбасы құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға қатысты институттарды одан әрі жетілдіруді қажеттілігіне, адвокаттардың кәсіби шеберлігіне, азаматтар алдындағы жауапкершілігіне, сәйкесінше жарна құндарының жоғарылығына назар аударып, жиі атап жүр. Мемлекет айқындаған заңгерлік қызметтің қағидаттары азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтары мен мүдделерінің тиісті деңгейде қорғалуына кепілі болуы тиіс. Заңгерлердің өзін-өзі реттеуі мемлекет айқындаған талаптарға негізделуі керек. Азаматтар заңгерлердің жоғары деңгейдегі кәсібилігіне сенімді болуы қажет.

Заңгерлік көмек сапасын арттырып, адвокаттардың жауапкершілігін көтеру де кезек күттірмейтін мәселе. Адвокаттар Елбасы тапсырған «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында іс материалдарын электронды түрде жүргізуге белсенділік танытуы керек. Себебі, «Цифрлы Қазақстанды» құру – Президенттің биылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауының басты бағытының бірі.

Сотқа қарапайым халық адвокаттар көмегі арқылы жүгінеді. Алайда, күні бүгінге дейін адвокаттардың ішінде халық сенімімен, өздеріне артылған міндеттерді толықтай жүзеге асыра алмай келе жатқандары да кездеседі. Соттағы негізгі электронды жүйелерді пайдаланбайтын адвокаттар әлі де баршылық. Мұны адвокаттардың заң мен Елбасы тапсырмаларын жүзеге асыруда енжарлық танытуы деп білеміз.

Қазіргі таңда, адвокатура қызметінің уәкілетті органдары республикалық адвокаттар алқасы және оның аймақтардағы 16 алқасынан тұрады. Елімізде бүгінде 4 мыңға жуық адвокат бар. Адвокаттардың үстінен жасалатын шағымға сай оларды аумақтық Адвокаттар алқасы тәртіптік жауапқа тартуы тиіс. Алайда, ондай деректер кездеспейді.

Былтыр адвокаттарға жасалған шағым 75 пайызға артыпты. Ең өкініштісі, оның 67 пайызы негізді болып шыққан. Көп жағдайда адвокаттар өздерінің заңсыз әрекеттері үшін жауапқа тартылмайды, келтірген шығындарын өтемейді. Ал, құзырлы органдардың бұған шара қолдану мүмкіндігі заңмен айқындалмаған.

Адвокаттармен өзара ынтымақтастықта жұмыс жасау арқылы біз бір-біріміздің қызметімізге ашық сын айта отырып, сапалы қызмет көрсетуге қол жеткіземіз деп ойлаймын. Кемшіліктер мен келеңсіз жағдайлардың да алдын алуға, ішкі мәселелерді сыртқа шығармай, өз арамызда шешуге мүмкіндік тауыны сөзсіз.

Екінші реформаны жүзеге асыруда «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 19 қадамы – сот жүйесі мен құқық қорғау органдарын жаңғыртудың тиімді шараларына бағытталған. Сот билігі – әділдікті жүзеге асыратын және мемлекет атынан шешім шығаратын биліктің бір тармағы. Кез келген дауға сот соңғы нүкте қояды. Демек, ол заңның үстемдігін қамтамасыз ету бойынша нақты әрекет етуі керек.

Сот пен адвокаттардың тізе біріктіруі арқылы сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұрып, судьялар мен адвокаттардың процесуалды емес байланысу фактілерін болдырмауға, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде интернетте және әлеуметтік желілерде жағымсыз және шындыққа жатпайтын соттар қызметі, судьялар және адвокаттар туралы ақпараттарды таратудың жолын кесіп, заңды күшіне енген сот актілеріне негізсіз сын және түсіндірмелер айтудан бас тартуға қол жеткізуге болады деп санаймын.

Негізі, заң жүзінде БАҚ арқылы адвокаттар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің күшіне әлі енген сот актілеріне және істі қараған судья жөнінде сын айтуына ресми түрде тиым салу қажет. Ал, заңды күшіне енген сот қаулыларына тек заңдылықтың сақталған немесе сақталмағаны туралы ғана сын айту көзделсе дұрыс болар еді.

Тоқ етерін түйіндесек, еркін және тәуелсіз адвокатурасыз шынайы сот төрелігін іске асыруға болмайды. Бізге қай кезеңде де, қандай жағдайда да адвокаттармен бір бағытта жұмыс жасау аса тиімді. Ал, жұмыстың нәтижелі болуы өзіміздің белсенділігімізге тікелей байланысты.

ҚОЛЖЕТІМДІЛІК – ЖҰМЫСЫМЫЗДЫҢ БАСТЫ ӨЛШЕМІ



Базарғали КАДЫРГАЛИЕВ

Атырау облысы
Махамбет аудандық
сотының төрағасы

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қабылданған стратегиялық бағдарламаларда тәуелсіз еліміз жақын келешекте әлемнің дамыған 30 мемлекетімен иық тірестіруді мақсат тұтып отыр. Қазіргі кезде «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарына сай, заң үстемдігін қамтамасыз ету бағыты бойынша Атырау облысы Махамбет аудандық соты Ұлт Жоспарында көзделген сот жүйесін реформалаумен байланысты 11 қадамды жүзеге асыруда ауқымды жұмыстарды жүзеге асыруда.

Жаңа Азаматтық процестік кодекстің, ҚР «Жоғары Сот Кеңесі туралы» Заңының қабылдануы, ҚР «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңы мен Қылмыстық процестік және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерге өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі сот төрелігін жүзеге асыруды жаңа сатыға көтерді.

Махамбет аудандық соты 2016 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда бүгінгі күні аудандық сотта қаралған істердің сапасының артқанын аңғаруға болады. Судьялар мен сот хатшыларының кәсіби біліктілігі мен заң алдындағы жауапкершілігін күшейтуге баса назар ауда-

рып отырмыз. Судьялардың өз антына адал болып, Ата Заң талаптарын бұлжытпай орындап, өзінің ар-ожданы мен жеке басының қадір-қасиетін төмендететін жат қылықтардан аулақ болулары үшін жауапкершілік жүгін жоғарылата түсудеміз.

Судья беделі – ең бірінші кезекте оның кәсіби біліктілігі мен мәдениеттілігіне, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде объективтілігі мен тәуелсіздігіне тікелей байланысты. Осы биік талаптар қалтқысыз орындалған жағдайда ғана халықтың сотқа деген сенімі артпақ.

Бүгінгі сот хатшысы мен сот маманы – болашақ судья. Сондықтан, оларды үздіксіз үйрету арқылы сауатты, білікті, әдепті, заң талаптарын толық сақтайтын лауазым иелері болып қалыптасуы үшін тиісті жағдай жасау міндетіміз деп білемін.

«Он екі ата Байұлының Байбақты руынан шыққан атақты билерінің бірі Бұланби пайғамбар жасынан абыроймен өтіп, қарттықтың қыратына иек артқанда төрелік айту тұтқасын Сырымға ұстатыпты», – дейді көне көз қариялар. Бірде, батырлығына шешендігі сай жас Сырым батасын алмақ болып, Малайсары биге барады. «Тоқсан рулы елдің дауын, тоғыз ауыз сөзбен түйіндейтін» да-рабоз би Сырымға қарап отырып:

– «Шырағым, ата-бабамыздан қалған үш ұлағатты сөз бар. Соны әрдайым есінде сақта. Біріншісі – ұят, екіншісі – борыш, үшіншісі – обал. Осыны ұмытпасаң халқыңа қадірлі боласың. Есіңнен шығарсаң, далада қаласың. Сенің билігіңе, сөзіңе ешкімде тоқтамайтын болады. Сонымен бірге, жұрт соңыңнан ілессін десең, жақыныңды жаралама, алысты қаралама», – деп ақылын айтып, батасын берген екен.

Дара билікті дана билікпен ұштастырған дала билерінің жоғарыда айтып өткен данагөй сөздерінің сол билердің сарқындысы – бүгінгі судьяларға да тікелей қатысы бар.

Сырым бабамыз айтқандай, «Дау мұраты – бітім». Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезінде дауларды сотқа дейін реттеу тетіктерін енгізу жөніндегі Елбасының тапсырмасына сәйкес, медиацияны қолдануды одан әрі кеңейтудің кезекті қадамы ретінде жеке санаттағы дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен сотқа дейін реттеу бойынша пилоттық жоба іске қосылғанын бәріміз жақсы білеміз. Пилоттық жоба азаматтық сот ісін жүргізуде даулардың жекелеген санаттарын медиация

тәртібінде сотқа дейінгі реттеу, татуластыру рәсімдерін қолдану аясын кеңейту, азаматтардың сот шығындарын барынша азайту, дауларды сотқа дейін реттеуде тараптардың мүдделілігін арттыру және әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға, түрлі туындайтын дау-жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік беретін бітімгершілік келісімдер мен медиация институтын дамыту, насихаттауды және жобаны тиімді жүзеге асыруды мақсат етеді.

Істі сот талқылауына дайындау барысында судья пилоттық жоба негізінде дауды медиация тәртібімен реттеуге мүмкіндік бар екенін тараптарға ескертеді. Медиация сот процесі барысында сотқа дейін және тергеу, анықтау барысында, сот шешімін орындау сатысында соттан тыс жүргізілуі мүмкін.

2017 жылдың алты айы ішінде аудандық сотта қаралған барлығы 34 адамға қатысты 34 қылмыстық іс бойынша 14 қылмыстық іс 14 адамға қатысты ҚК-нің бабының талабы бойынша бітімгершілікпен, ал 10 адамға қатысты 10 қылмыстық іс медиация тәртібімен қысқартылды.

Азаматтық істер бойынша есепті мерзім ішінде сотта қаралған 199 азаматтық істің 86-сы шешім шығарумен, 27 іс татуласу келісімін бекітумен аяқталса, оның ішінде 16 іс медиациялық келісімді бекіту арқылы, оның ішінде 6 іс судья медиатормен қаралған, 2 іс партисипативтік рәсіммен, 65 іс оңтайландырылған іс жүргізу тәртібімен қаралды.

Осы мерзім ішінде сотпен шығарылған сот шешімі, үкімі, қаулысы, ұйғарымы өзгертілген немесе бұзылғаны жоқ. Келесі есептік мерзімге 22 іс қалдықта қалып отыр.

Татуласу, бітімгершілік рәсімінің аясын кеңейтуге, халықты дауды сотқа дейін реттеуге мүдделі етуге, қоғамдағы шиеленістерді төмендетуге оң ықпал ететін аталмыш жоба кеңінен қолдауға ие болуда.

Рухани жаңғыру – еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттырады

Ұлттық сананы жаңғырту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтық біртұтастықты сақтау, жас ұрпақ санасында ілім-білімге, жаңашылдыққа деген құштарлықты ояту, алаш жұртын бәсекеге қабілетті ұлтқа айналдыруды көздейтін Елбасының Рухани жаңғыру идеясы бүгінгі таңда аудан тұрғындары мен сот саласының қызметкерлері тарапынан айрықша қолдау табууда. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Рухани жаңғырудың кілті ұлттық негізде жатқанына баса назар аударып отыр. Елбасы сөзімен айтқанда, «Ұлттық рухани байлық сақталмай жаңғыру дегеніміздің құр жаңғырыққа айналатыны» да шындық. Сондықтан, Қазақстанның дамыған елдердің алдығы қатарынан көрінуі үшін іргелі ізденістерді қалыптастырып, тынымсыз тер төгуіміз қажет-ақ.

Осы орайда, Махамбет аудандық соты аудан тұрғындарының құқықтық сауаттын көтеру, оларға заңды құрметтеудің қаншалықты маңызды екенін түсіндіру сот жұмысының бір бөлігі десек, жаңылмаған болар едік. Сондай-ақ, сот жүйесінің ашықтығы мен жариялылығы, қолжетімділігі халық пен сотты байланыстарын алтын көпірге айналуы тиіс.

Мемлекет басшысы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында бәсекеге қабілеттілік мәселесіне баса назар аударған. Елбасы: – «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттық аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттық табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен



айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек», – деп атап өтті.

Он-лайн форматта өткізілген кеңейтілген кеңестің берері мол

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот судьяларының 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарған жұмыстары бойынша үстіміздегі жылдың 21 шілдесі күні Астана қаласында он-лайн форматта өткізілген кеңейтілген кеңесте Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Төрағасы Қайрат Әбдіразақұлы Мами салмақты баяндама жасап, онда барлық сатыдағы судьялардың алдына үлкен міндеттер қойып, осы міндеттерді мүлтіксіз орындауға шақырды. Жоғарғы Сот Төрағасының баяндама барысында судьяларға қаратып айтқан әрбір сыны орынды деп есептеймін.

Сондай-ақ, Қайрат Әбдіразақұлының сот саласындағы қол жеткізген жетістіктерді атап өтуі, сот жүйесінің мәртебесін көтеріп, қолға алынған реформалардың алға басуына, қазақстандық сот жүйесінің халықаралық талаптарға сай дамуына пәрмен береді.

Бүгінгі сот төрелігінің қол жетімділігін, ашықтығын, жариялылығын одан әрі жетілдіру басты мақсатымыз десек, сот жүйесіне әлемнің озық ақпараттық технологияларын енгізуде жетістіктер жетерлік. Соның айғағы, 2014 жылдың тамызы айынан бастап іске қосылған «Сот кабинеті» электронды ақпараттық сервисін айтуға болады. Замануи бұл жүйе талап арыз беруді, сот актілері бойынша апелляциялық, кассациялық шағымдар келтіруді сотқа келмей-ақ жүзеге асыруға және сот ісінің қозғалысын бақылауға мол мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта БААТЖ бағдарламасы жетілдіріліп, 2016 жылдан «ТӨРЕЛІК» бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізілуде. Ауданда өтетін сот процестері 100 пайыз үн-бейнежазу құралдарымен жабдықталған. Талап арыздардың барлығы сотқа «Сот кабинеті» сервисі арқылы түсуі электронды сот өндірісінің заман талабына сай жетілдіріліп отырғандығын көрсетсе керек. Осының арқасында кез-келген сотқа жүгінуші ғаламтор арқылы үйінде отырып-ақ өтініш, шағымдарын аталған сервисің көмегімен сотқа жолдай алады. Бұл жүйенің тағы бір тиімділігі, мұнда сырттай қаралатын істердің саны азаяды. Соттардың ақпараттық

жүйесін басқа мемлекеттік органдармен біріктірудің нәтижесінде ағымдағы жылдың алты айында барлық әкімшілік істер электронды түрде түсіп, құқықбұзушыларға салынған айыппұлды өндіру үшін сот актісі заңды күшіне енген соң сот орындаушыларға аталған жүйе арқылы жолданды. Осылайша, бір жағынан сот ісін қарау кезіндегі судьяның объективтілігі қамтамасыз етілсе, екінші жағынан, сот мәжілісіне қатысушы тараптарға да талапты арттырудың оңтайлы тәсілі іске қосылды. Сол арқылы судьялардың немесе сот кеңсесі мамандарының іс-қимылдарына қатысты негізсіз шағымдар мен арыздар мүлдем азайды десе де болады.

Тағы бір жаңалық, 2017 жылдың сәуір айында ҚР Жоғарғы Сотының интернет-ресурсында республикадағы соттар мен судьялар қызметіне сыртқы бағалау жүргізу бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Ендігі жерде сауалнама арқылы соттар мен судьялар қызметін бағалау «Сот кабинеті» сервисінің шеңберінде сот отырысына қатысушылар арасында жүргізіледі.

Сот жүйесі жұмысының ашық әрі халыққа қолжетімді бола түсуі үшін алдағы уақытта БАҚ байланысты нығайтып, атқарылып жатқан ұланғайыр жұмыстарды халыққа дер кезінде жеткізіп, халықтың сотқа деген сенімін арттыруға жұмыла жұмыс істейміз.

Глава государства в программе «План Нации-100 шагов» поставил задачи оптимизации судебной системы и обеспечения доступности правосудия.

ВОПРОСЫ СУДОУСТРОЙСТВА И СУДОПРОИЗВОДСТВА В РАМКАХ РЕФОРМЫ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ



Ераман УТЕШЕВ

Судья
Восточно-Казахстанского
областного суда

• Судоустройство

То, что в нашей стране правосудие реально доступно подтверждает статистика. Ежегодно в суды поступает порядка миллиона исков и заявлений, то есть в процессе гражданского судопроизводства принимает участие до трети населения страны.

Однако процесс реформирования не стоит на месте, проводится дальнейшая модернизация судебной системы. В рамках преобразований предлагается рассмотреть следующие предложения.

В первую очередь, полагаю необходимым отойти от привязки судебной системы к административно-территориальному делению путем создания судебных округов.

Во многих районных судах нагрузка ниже средне республиканской и средне областной. В небольших районах функционируют двусоставные суды при минимальной нагрузке.

Так, за 6 месяцев 2017 года шесть судами области (Катон-Карагайским районным судом, судом №2 Катон-Карагайского района, Тарбагатайским районным судом, судом №2 Тарбагатайского района, Бородулихинским районным судом и Бескарагайским районным судом) с вынесением решения рассмотрено 691 дело, с вынесением приговоров рассмотрено 92 дела. Нагрузка на одного судью составила 11 дел без материалов.

Тогда как, к примеру, в Усть-Каменогорском городском суде нагрузка на 1 судью в месяц составляет 71 дело, в Семейском городском суде – 99 дел, при средне областной нагрузке в 48 дел вместе с материалами.

Следует учитывать, что заработная плата у судей первой инстанции одинакова, вне зависимости от нагрузки. У судей, работающих в районах с небольшой нагрузкой, как

Создание судебных округов позволит регулировать численность судей в округах в зависимости от нагрузки

правило, нет отмен и изменений, что имеет существенное значение при участии в конкурсе, также отсутствуют на них жалобы.

Полагаю возможным в районах, где имеются два суда, создать судебный округ, определять в районных центрах окружные двусоставные суды, а вместо вторых судов создавать судебные участки с одним судьей. Также поступить с соседними районами с небольшой нагрузкой, объединив их в один судебный округ. В городах суды также надо объединить в один судебный округ. Создание судебных округов укрепит независимость судебной системы и позволит плавно перейти к кассационным окружным судам, с включением в состав округов по несколько областей.

Создание судебных округов позволит регулировать численность судей в округах в зависимости от нагрузки.

Отсюда вытекает вопрос назначения судей.

Издавая при каждом перемещении судьи из одного суда в другой Указ Президента, мы низвели его до уровня обыкновенного приказа. Указ Президента должен издаваться два раза, при назначении и при увольнении судьи, по каким бы то ни было основаниям. При этом Указом Президента гражданин будет назначаться на должность судьи не районного суда, а например, судьи Восточно-Казахстанского судебного округа, а конкретное место работы будет определяться Верховным Судом по представлению председателя Восточно-Казахстанского судебного округа в зависимости от нагрузки в том или ином судебном округе.

Все перемещения внутри судебной системы должны решаться либо распоряжениями Председателя Верховного Суда либо решениями Высшего Судебного Совета, без проведения конкурсных процедур, отнимающих массу времени, и тогда изживем ситуацию, при которой длительное время остаются свободными вакансии в судах. Кроме того, появится реальная возможность в оперативном порядке регулировать штаты тех или иных судов.

Что касается вопроса перемещения судей, то необходимо установить четкую регламентацию приоритетов при прохождении конкурса, выражающихся, например, в следующем.

На замещение вакантной должности судьи городских, районных и приравненных к ним судов преимущественное право имеют:

- действующие судьи областных, городских и районных судов;
- при участии в конкурсе нескольких действующих судей преимущество должно быть у имеющих наибольший стаж работы; при равном стаже – у имеющих наименьшее количество отмен и изменений;
- кандидаты в судьи, закончившие магистратуру;
- кандидаты в судьи, имеющие наибольший стаж юридической работы в судах, органах прокуратуры.

Можно создать балльную систему. К примеру, за каждый год работы судьей начислять по одному баллу, за подтвержденную жалобу отнимать балл, учитывать не только количество отмен и изменений, но и количество рассмотренных дел, брать во внимание наличие поощрений. Например, за грамоту председателя областного суда начислять 1 балл, за грамоту Председателя Верховного Суда - 5 баллов, за почетный знак «Үш Би» - 10 баллов, за ведомственные и государственные награды – по 15 баллов и т.д.

Эти условия имеют большое значение для действующих судей, поскольку зачастую бывают ситуации, когда при участии в конкурсе на замещение должности судьи в крупных городах, предпочтение отдается кандидатам, ни дня не проработавшим судьями, а судьи, имеющие большой опыт работы, получается, не соответствуют предъявляемым требованиям. Кроме того, данная система создаст большой стимул для действующих судей, а вновь назначенным судьям позволит набираться опыта в районах с небольшой нагрузкой, что, в свою очередь, повлияет на качество рассмотрения дел.

Для назначения на должность судьи крупного городского суда сделать обязательным условием работу в районных судах, где меньше нагрузка и где вновь назначенный судья имеет возможность приобрести профессиональные навыки. Полагаю необходимым отказаться от понятия «молодой судья»: сдал экзамен, прошел сито отбора, назначен Указом Президента – работай, для граждан является слабым утешением, что неправильное решение принято молодым судьей.

• Доступность правосудия и медиация

Судами первой инстанции республики в 2016 г. рассмотрено 764 952 дел, из них с участием медиаторов – 19 804.

Право на защиту нарушенных прав закреплено Гражданским процессуальным кодексом. Каждый вправе обратиться в суд за защитой нарушенных или оспариваемых конституцион-

ных прав, свобод или охраняемых законом интересов.

Однако доступность правосудия имеет и обратную сторону. У граждан и юридических лиц формируется правовой нигилизм, социальное иждивенчество, имеет место рост злоупотребления правом, легкомысленное и бездумное отношение к осуществлению своих прав.

